

**"БанкЦентрКредит" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатудың нысандары мен әдісін айқындау жөнінде комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 15 ақпан N 249

"Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін

арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683

P990683\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 25, 234-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мына құрамда "БанкЦентрКредит" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатудың нысандары мен әдісін айқындау жөнінде комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын:

Есенбаев Мәжит - Қазақстан Республикасының  
Төлеубекұлы Қаржы министрі, төраға

Раханов Мақсұтбек - Қазақстан Республикасының  
Смағұлұлы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік  
мүлік және жекешелендіру  
комитетінің төрағасы, төрағаның  
орынбасары

Аханов Серік - Қазақстан Республикасының  
Ахметжанұлы Экономика бірінші вице-министрі

Тәжияқов Бисенғали - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Шамғалиұлы Банкі төрағасының орынбасары  
(келісім бойынша)

Кұлынов Үміт - Қазақстан Республикасы Бағалы  
Жаудатұлы қағаздар жөніндегі ұлттық

комиссиясының мүшесі - атқарушы  
директоры (келісім бойынша)

Әмірін Асқар  
Кемеңгерұлы

- Қазақстан Республикасы Әділет  
министрлігінің Заң департаменті  
директорының орынбасары

2. Комиссия 2000 жылдың 1 наурызына дейін мерзімде "БанкЦентрКредит" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатудың нысандары мен әдісі жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.